

ӘОЖ 04.21.51

## ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТЕГІ ТІЛДІК ҰСТАНЫМДАР ОРНЫ

Хамит А.Д.

[a.khamit0407@gmail.com](mailto:a.khamit0407@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші- Б.Ж.Смағамбет

Ұлттық бірегейлік - жаһандық мәселе, яғни әр елде қалыптасқан тарихи және саяси жағдайы салдарынан байқалады (С.Хантингтон). [1] Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық мемлекеттер концепцияның дағдарысына қарамастан, жаһандық әлемдегі географиялық орнына ие Қазақстан мемлекеті посткеңестік, постколониялық кезеңінде азаматтық қоғамның консолидациялау бағытында ұлттық бірегейлікті ортақ мәдени символдар, тіл, дәстүр, ортақ тарих, территория, дін, мифология арқылы қалыптастыру маңызды.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда көптеген институттар трансформацияға ұшырап, өз кезегінде ол әлеуметтік, топтық, тұлғааралық деңгейдегі көпөлшемді бірегейліктің қалыптасу қажеттілігін тудырды. Титулдық ұлттың этномәдени, мемлекет құрушы бір

жағынан және көпмәдени, этникалықтан жоғары, азаматтық, қазақстандық ұлт қалыптасудың концепцияның арасындағы үйлесімдік пен қарама-қайшылығы, көптілікті қауымның үштілдік-көптілдікке өту перспективасын тарих, мәдениеттану, саясаттану және басқа салаларда ғылыми-концептуалдық зерттеулер аз емес. Алайда, бірегейлік және тілдік мәселелерде ескі көзқарастар негізіндегі қолданыстағы теориялық, концепциялық негіздегі тәсілдер жаңа дағдарыстарға алып келу қаупі бар, сондықтан бұл мәселелерді шешу үшін жаңа теориялық, концепциялық бағыттарға сұранысын талап етеді.

Қазақстандық қоғам көпэтносты, соңғы үш онжылдықта ол этникалық белгілері мен жас шамасына қарай әлеуметтік өзгерістерге ұшырап, бірегейліктің құрылымдануымен ерекшеленеді. Экономикалық және саяси ұйымдардың елеулі өзгерістері әлеуметтік-кәсіби құрылымның өзгеруіне және жұмыспен қамту аймағының алуандығының артуына әкелді, сондай-ақ сыртқы және ішкі көші-қон процестеріне әсер етті, өмірдің құндылықтық-мағыналық контекстінің өзгерістері консолидациялық идеологияның қажеттілігін туындатты. Мұның бәрі қазақстандықтардың әлеуметтік түсінігінде және олардың мемлекеттік-азаматтық, тілдік, діни және басқа бірегейліктердің көрінісін тудырды.

Кейінгі кездері қазақстандық қоғамда тіл мәселесі ұлтаралық қарым-қатынаста жиі айтылады. Этнодемографиялық жағдайдың өзгеруі тиісті мемлекеттік тіл саясатын талап етеді. Бүгінгі күні жүргізіліп келе жатқан тіл саясаты бұл қажеттіліктерге жауап бермейді, өйткені титулдық ұлттың көші-қон, урбанизация және демографиялық процестер нәтижесінде қоғамдағы тілдік өзгерістері баяу жүреді және өзін ақтамайды. Елдегі білім беру реформалардың аяқсыз қалуы, заманауи ақпараттық-технологиялық талаптарға сәйкес контенттің ұсынбауы, ғылыми тілдің қалыптаса алмауы, орта және жоғары білім беру бағдарламасының бірізділігінің болмау сияқты туындаған мәселелер шешімін таппай жатыр. Контенттің жоқтығы әр түрлі идентификациялық шиеленістерге алып келеді, қазақ тіліндегі терминдік бірізділіктің болмауы, басқа тілдерден енген терминдердің қазақ тіліне аудармау үдерісі ағылшын тілді игеруге бағыттайды.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени негіздеріне әсер ететін жаһандық, урбанизациялық, миграциялық өзгерістер жағдайында ұлттық сананы қайта құру мәселесі өзекті бола түсуде. Қалыптасқан әлеуметтік нормалар және қоғамдық өмірдің құндылықтары өзгеріп, трансформацияға ұшырады, оның орнына жаңа үлгілер қалыптасады, бұл елді консолидациялаушы ұлттық бірегейліктің өзгеруіне де ықпал етеді.

Ұлттық бірегейлікті өзгертудің негізгі бағыттарын анықтау әлеуметтік-гуманитарлық білім үшін де, мемлекет үшін теориялық және практикалық қызығушылық тудырады. Қазіргі қазақстандық қоғамның ұлттық санасының құрылымы алуан түрлі және көп өлшемді, сондықтан оны зерттеуде көптеген қағидалар мен әдіс-тәсілдерді ескеру қажет. Қазіргі әлеуметтік жағдайдағы ұлттық бірегейлік пен этномәдени негізгі тенденцияларды зерттеуде пәнаралық көзқарасты, әлеуметтану, философия, саясаттану және социолінгвистика саласындағы жетістіктерді пайдаланған жөн.

Қазақстандағы бірегейлік мәселесін зерттеген отандық ғалымдардың арасында Ә. Нысанбаев жалпы бірегейлік процестерінің дамуындағы негізгі бағыттарын анықтауға тырысты, оның ішінде тілдік бірегейлігін де назар аударған. Ғалымның пікірінше, этникалық бірегейлік алғашқы қарым-қатынас тілін таңдауға айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының 2013-2018 жылдар аралығын қамтитын мониторинг деректеріне сәйкес республика тұрғындары арасында тілдік бірегейліктің көпмәдениеттілігі мен көптілділігімен сипатталады. [2; 38] Бұл тарихи қалыптасқан жағдай қазіргі уақытта да өзектілігін жоғалтқан емес.

2015 жылғы жүргізген зерттеуге сәйкес, қазақстандықтардың үштен бірінен көбі (36,1%) орыстілді - ана тілім деп есептейді, яғни өздерін орыстілді қауымға жатқызады, үштен бірі (30,5%) түркітілді, яғни басым бөлігі қазақ тілді қауымға жатқызса, төрттен көп бөлігі қос тілді (27,7%), 3,8% - үштілді екен. Үштілділік сияқты лингвистикалық ұқсастық формаларының көпшілігі өзге этникалық топтардың өкілдерінде (11,7%) жиі байқалса,

шынайы көптілділік республикада отбасылық немесе басқа қарым-қатынас жағдайында кең таралған емес. Елдегі билингвизм негізінен қазақ ұлтына тән - 40,3%, ал орыстар мен басқа ұлттар арасында қостілділік аз байқалады - сәйкесінше 4,8 және 22,7%. Орыстардың басым көпшілігіне тілдік және этникалық ерекшеліктер тән: олардың 91,4% орыстілділер. [2; 38-39]

Алайда, жас шамасына қарай орыстілді аға буынмен салыстырғанда, жастардың үлесінің едәуір төмендеу тенденциясы байқалады, ал қазақ (түркі) тілді жастардың үлесі артып отыр. Бұл мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілінің білім беру, мәдениет, кәсіби коммуникация және басқару саласындағы қызмет аясының кеңеюімен, сонымен қатар қазақ халқының саны мен үлесінің артуымен байланысты болса керек. Сонымен бірге, халықтың көпшілігі (52,8%) үшін мемлекеттік тіл - ана тілі болғанына қарамастан, қазақстандық қоғамның барлық немесе көптеген коммуникациялық салаларында қазақ тілінің үстемдігі туралы айтуға әлі келмейді. 2015 жылы мемлекеттік тілден кейін орыс тілі кәсіби және рухани қарым-қатынастың негізгі құралы, сонымен бірге адамдардың ойлайтын, сөйлейтін, жазатын тілі болып қала берді. [2; 39-43]

Қазақстандық қоғамның ұлттық бірегейліктің көрінісін екі этникалық қауымның қарым-қатынасымен айқындалады. [3; 86] Бұл қоғамның тарихи қалыптасқан әлеуметтік, саяси, этникалық, мәдени алуандылығы этномәдени символизмдерді заңдастырады. Елдің тәуелсіздік алғаннан бері этномәдени дискурс алаңында қайта титулдық этникалық қауымның әлеуметтік-мәдени руханиятын легитимизациялау, ұлттық-саяси институттануы, яғни қазақтандыру процесі орнығуының қарсылығын тудырды. Бұл қарама-қайшы келетін агенттері ірі этникалық топтардың элиталар, Р.Қадыржанов оларды ұлттық мәдени антреперлер деп атайды. Шетелдік зерттеулер бойынша, Қазақстандағы ұлттық құрылысы процесінде тек ірі этникалық топтар ғана емес, сондай-ақ аз этникалық топтардың саяси ықпалы анықталған. [4; 136]

Қазақстанның ұлттық бірегейлігі туралы идеялардағы объективизм мен субъективизм, оны түсіну және ұсыну тәсілі ретінде примордиализм және конструктивизммен байланысты. Қадыржановтың пікірінше, примордиализм әлеуметтік бірегейліктің кез-келген формасына қарсылық білдіреді. Примордиализм көзқарасы бойынша, ұлт пен ұлттық бірегейлік кез-келген табиғи құбылыс сияқты объективті түрде өмір сүреді, сондықтан ол мәңгілік өзгермелі. Индивидтің туған сәттен бастап ұлттық бірегейлігі ата-анасынан беріледі. Ол өзінің ұлттық белгілерін терінің түсі, көз пішіні, мұрын пішіні, бойын сияқты мұра етіп алады. [3; 88] Яғни қазақтың примордиалистік ұлттық бірегейлігі ежелгі қазақтың ұлттық болмысынан айырмашылығы болмайды.

Басқа отандық ғалымдардың пайымдауынша, ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда «примордиалистік парадигмадан» гөрі ең тиімдісі конструктивистік әдіснаманы қолдану, себебі оның түсіндірмелік мүмкіндіктері ұлттық сана құбылысының терең негіздерін ашуға көмектеседі. Примордиалистік парадигмаға келетін болсақ, бұл ортағасырлық адамның этникалық ерекшелігі қазіргі адамның ұлттық бірегейлігімен ерекшеленеді, біздің ойымызша, бұл мүмкін емес. [5; 4]

Примордиализмге қарсы конструктивистік көзқарас тұрады, оны «инструменталист» деп те атайды. Бұл әдіснаманың негізі ұлттық элиталардың, яғни агенттердің символдық қызметінің жемісі ретінде алуан түрлі этномәдени белгілерден ұлттық бірегейлікті құрастырады. Конструктивизмде ұлттық бірегейлік кез-келген әлеуметтік бірегейлік сипатын ретінде символдық сипатқа ие болады. Ол символдарды ұлттық элиталар немесе мәдени кәсіпкерлер, яғни агенттер құрастырады және бұрмалайды. [3; 88]

Ұлттық бірегейлікті конструктивті құрастыруы ұлт санасы, менталитетімен және агенттермен құрылған мәдени (символдық) жүйелермен байланысын анықтауға мүмкіндік беретін пәнаралық талдау мен синтезді қамтамасыз етеді: тіл, мифология, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді қалыптастырады, ұлттық сананы жаңғырту мен қалыптастырудың теориялық негізін жасайды. Түсіну, ойлау, мінез-құлық үлгілері конструктивистік әдіснаманың басты бағыты болып табылады. Конструктивистік әдіснаманың қағидаттарына сүйене отырып, қазақстандықтардың бірегейлігі қандай әлеуметтік-мәдени негізде

құрылатыны, ұлттық және азаматтық дүниетанымының қалыптасуын анықтау өз кезегінде шынайы әлеуметтік, экономикалық және мәдени өмірді құруға ықпал етеді.

Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ халқының демографиясы өсу динамикасында болды және қазір қазақ ұлты көпшілікті құрайды. Осы жағдайда ұлттық бірегейлік мен тілдік ұстанымның өзгеру процестері қызығушылық тудырады. Қазақстандық қоғамды құрайтын барлық этникалық топтар үшін ұлттық бірегейліктің ең басты символдары бұл тіл, мәдениет, салт-дәстүрлер. Ұлттық бірегейліктің трансформациялауында тілдің, әсіресе ана тілдің маңыздылығы мен қызметі негізгі. [5; 5-6] Дегенмен, ұлттық бірегейліктің негізгі белгісі ретінде тіл этникалық топтардың ғана консолидациялық ролін атқаруы мүмкін.

Көптеген отандық әлеуметтік зерттеулерде этникалық топтардың тілдің қолдану жиілігі, тілдік әлеуметтендіру агенттері, ең негізгісі отбасы және басқа әлеуметтік институттарға, аға буын мен жастар арасындағы ұрпақаралық қарым-қатынастарға, әлеуметтік-аймақтық кеңістіктердегі қала мен ауыл арасындағы жағдайға назар аударады.

Отандық зерттеулерге сәйкес аймақтық ерекшеліктер этникалық топтардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы негізгі факторы тілдік өзгерістермен айқындалады. Аймақтарда елдің солтүстік, солтүстік-шығыс және қалаларда тұратын қазақтардың ана тілден гөрі орыс тілін жиірек қолданса, басқа этникалық топтар көп жағдайда орыс және өзге туған тілдерін қолданады. Урбанизация және ауылдан қалаға миграция жағдайында қазақтілді қазақтардың басым көпшілігі аймақтарда қала мәдениетінің тілдік қазақтану процесі байқалуы мүмкін. Осындай үрдістер еліміздің астанасында көрінсе, Нұр-Сұлтан қаласы ұлттық-тілдік бірегейліктің орталығына айналады. Жалпы қазақстандық қоғамның тілдік тепе-теңдік жағдайында қостілді ұрпақаралық сабақтастық сақталады. [5; 6-11]

Қазақстандық саясаттанушы Р.Қадыржановтың пікірінше, «ауыл қазақтары мен қазіргі ауылдан қалаларға көшіп келушілер үшін қазақ тілі ауызша қарым-қатынастың негізгі құралы, ал орыс тілінің үстемдігі қабылданбайды. Қазақ этникалық қауымдастығының басқа бір бөлігі - бұл орыстілді ортада туып өскен қала қазақтары үшін орыс тілі негізгі және табиғи қарым-қатынас құралы бола тұра, олар белгілі бір дәрежеде Қазақстандағы орыс тілінің үстем жағдайымен келіседі. Осылайша, қазақ халқының ішінде Қазақстандағы орыс тілінің үстемдігіне деген көзқараста айқын келіспеушілік, тіпті қайшылық бар. Бұл қарама-қайшылық қалай шешілетіні туралы бүгін айту қиын. [6; 27]

Қазіргі әлеуметтік теорияларға сәйкес урбанизация, нарықтық капитализм әлеуметтік өмірде индивидуализм күшеюі әсерінен, сондай-ақ, заманауи ақпараттық қоғам жағдайында бұқаралық ақпараттық құралдары, әлеуметтік желілер, киберкеңістік әсерінен күнделікті, тұрмыстық өмірде акторлардың желілер арасындағы байланыстарын қалыптастырады. Заманауи модернизацияланған қоғамның дамуы туралы Бруно Латур актор-желілік концепцияда [7], актор мен желілер, субъект-объект арасындағы өзара қарым-қатынаста бір-біріне ықпал етіп, жаңа әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастырады. Материалдық дүниенің жаһандық желілік объектілердің өзара байланысының заңдылықтары әлеуметтік нормалар мен мәдениетін қалыптастырады, ал ондағы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді түсінуге кейінгі концепциялар мүмкіндік береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Хантингтон С. Кто мы? Вызовы американской национальной идентичности / С. Хантингтон — «АСТ», 2004.;
2. Нысанбаев А.Н., Бурова Е.Е., Сайлаубекқызы А., Особенности идентичности казахстанцев в условиях поликультурного общества/ - Социологические исследования № 7, 2019, с. 37-47
3. Кадыржанов Р. Конструктивизм, примордиализм и определение национальной идентичности Казахстана // Эл-Фараби. — 2012. — № 4 (40). — 86–94 б.;
4. Isaacs, R. and Polese, A. (eds.) (2016) Nation Building and Identity in the Post-Soviet Space: New Tools and Approaches. Farnham: Ashgate, 136-156 page;

5. З.Х.Валитова, Национальное сознание и язык: региональный аспект/ КарМУ вестнигі, «Тарих. Философия» тарауы. № 2(78)/2015, 4-13 б.;
6. Кадыржанов Р. Межэтническая стабильность и национальная консолидация в Казахстане // Национальная консолидация Казахстана: проблемы и перспективы: Сб. Материалов круглого стола (г.Алматы, 28.03.2013 г.)/под общей редакцией З.К.Шаукеновой. — Алматы, 2013. — с.196.;
7. Вахштайн В. Возвращение материального. «Пространства», «сети», «потoki» в акторно-сетевой теории // Социологическое обозрение. - 2005. — Т. 4, №1. — С. 94—116.